«КЕЛІСЕМІН»

«Нұра ауданының
Білім бөлімі» ММ басшысы
_______________ С.А.Муканова

«БЕКІТЕМІН»

Жараспай ЖББМ директорының
уақытша м.а.:
_______________ Г.С.Идирисов

# Жараспай ЖББМ
# оқу жұмысының жоспары

Оқу жоспарын құрушы: Жараспай ЖББМ

Мектеп директорының уақытша м.а.: Г.С.Идирисов

Оқу ісінің меңгерушісінің м.а: М.К.Шакенова

Жараспай ЖББМ педагогикалық кеңесінің ұсынысымен

Хаттама № 31 тамыз

Хатшы: Сагимбаева Г.Қ.

Жараспай ЖББМ – 2022 жыл

**Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың**
**2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктері**

✓ Мектепалды даярлық сыныптарына арналған Үлгілік оқу жоспарлары мен Үлгілік оқу бағдарламаларын өзгерту
✓ Оқу жылының ұзақтығы
1-сыныптарда 35 оқу аптасын,
2-11 (12) сыныптарда – 36 оқу аптасын құрайды
Анықтама: Бір күнтізбелік жылда:
демалыс күндері-117
демалыс және мереке күндері - 75 күн
оқу күндері-173
Мектептерде білім алушылар үшін демалыс күндерінің жиыны-192 күн
✓ 1 сыныптар үшін Үлгілік оқу жоспарындағы өзгерістер: - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері, - қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде – «Букварь», «Обучение грамоте» және «Қазақ тілі» пәндері оқытылады
✓ «Өзін-өзі тану» пәні Үлгілік оқу жоспарының инвариантты компонентінен шығарылды
✓ «Көркем еңбек» пәні 1 сыныпта екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»
✓ Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру
✓ Үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізуді ұйымдастыру
✓ Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға оқу бағдарламаларын бейімдеу
✓ Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға тиімді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету
✓ Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу (4, 9 сыныптар)
✓ «Алтын белгі» белгісіне үміткерлер үшін білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібіне өзгерістер енгізу
✓ Халықаралық пәндік олимпиада жеңімпаздары мен олардың педагогтеріне бір реттік ақшалай сыйақы беріледі
✓ 5-11-сыныптар аралығында «Жаһандық құзыреттер» таңдау курсын оқытуды жалғастыру
✓ Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру
✓ Балалар жылына арналған іс-шараларды өткізу
✓ «Оқуға құштар мектеп», «Дебат қозғалыстары», «Мектеп парламенті», «Балалар және театр» «Жылыжайлар» және т.б. жобаларын іске асыру 6
✓ «Мектеп-ата-ана консилиумы» мектеп-ата-ана қарым-қатынасының жаңа форматын енгізу
✓ Ертеден кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу
✓ «Кәсіби бағдарлаушы педагогі» лауазымын енгізу
✓ Жан басына шаққандағы қаржыландыру механизмін жүзеге асыру
✓ Педагогтерді жұмысқа қабылдаудың жаңа ережелерін енгізу

✓ Аймақтарға үздік педагогтерді тартудың арнайы бағдарламасын енгізу

✓ «Тірек мектебі – магнитті мектептер» кешені», «Виртуалды мектеп», «Цифрлық мұғалім» пилоттық жобаларын енгізу

**Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етудің негізгі нормативтік құқықтық актілері**

2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

–«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

–«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

– «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;

– «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

– «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);

– «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы);

– «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы);

– «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы);

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы);

– «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы);

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және

кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы);

– «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы);

– «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2021 жылғы 11 карашадағы № 559 бұйрығы);

– «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығы);

– «Мамандандырылған Білім беру ұйымдарының желісін және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі оқу-әдістемелік Кеңес туралы ережені бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 1 шілдедегі № 428 бұйрығы);

– «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы);

– «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы);

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығымен енгізілген);

– «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

– «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы);

– «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығы);

– «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы №12 бұйрығы);

«Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы);

– «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы);

– «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы);

– «Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы);

– «Жеңімпаздар, жүлдегерлер және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен марапатталатын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 333 бұйрығы);

– «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусым № 292 бұйрығы).

**Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері**

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі 11 - ҮОЖ) сәйкес жүргізіледі (өзгерістер мен толықтыруларымен). Меншік және оқыту түріне қарамастан, білім беру ұйымдарына оқу процесін жүзеге асыруда педагогикалық кеңестің шешімі негізінде Үлгілік оқу жоспарын таңдауға академиялық еркіндік беріледі. Білім беру ұйымы педагогикалық кеңестің шешімімен: - әр сыныпқа жеке-жеке; - параллель сыныптарға; - мектеп бойынша Үлгілік оқу жоспарының біреуін таңдай алады. Күтпеген жағдайларға байланысты оқу апталарын қысқарту кезінде оқыту мақсаттарын оқу материалдарының күрделілігін және білімдегі олқылықтарды талдауды ескере отырып, оларды интеграциялау арқылы оңтайландыру қажет.

**2022-2023 оқу жылынан бастап өзгерістер енгізіледі:** Оқу жылының ұзақтығы <u>1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 36 оқу аптасын</u> құрайды.

Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының оқыту қазақ тілінде жүргізілетін **1 сыныптарына мынадай өзгерістер енгізілді:** - «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады; - «Шетел тілі» және «Орыс тілі» пәндері оқытылмайды; - «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»

✓ Ата-аналардың қаражаты есебінен оқулықтар мен жұмыс дәптерлерін (бастауыш сыныптарға арналған жазуларды) сатып алуға жол берілмейді.

✓ ОӘК бюджет қаражаты есебінен ғана сатып алынады

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім беру министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) жалпы білім беретін білім беру ұйымдарында сыныпты екі топқа бөлу сыныптарда 24 және одан да көп білім алушылар болған кезде жүзеге асырылады:

1) қазақ тілінде оқытпайтын сыныптардағы қазақ тіліне;

2) шет тіліне;

3) цифрлық сауаттылық (1-сыныптан басқа) негізінде жүзеге асырылады. **Ескертпе:** «Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша 1-сыныпта сынып екі топқа бөлінбейді. «Шет тілі» пәні 2022-2023 оқу жылы ҮОЖ сәйкес 2 сыныптарда оқытылады

**Негізгі орта білім берудің** мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Білім беру министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) сәйкес білім беру ұйымдарында сыныпты екі топқа бөлу Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес 24 және одан да көп білім алушы болғанда:

1) «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптардағы;

2) шетел тілдері;

3) көркем еңбек;

4) информатика екіге бөлініп оқытылады.

**Ескертпе:** «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша сыныпты екі топқа бөлу қазақ тілінде оқытпайтын барлық сыныптарда жүргізіледі. Бұл ретте жаратылыстану-математикалық бағыттағы 5-9-сыныптар мен 10-11-сыныптарда апталық сағаттық жүктеменің өзгеруімен топтарға бөлу сақталған. Мектептер оқу тіліне қарамастан, мектептен тыс және жалпы мектепішілік іс шараларды негізінен қазақ тілінде ұйымдастырады. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы No 348 бұйрығы) сәйкес білім беру ұйымдарында сынып 24 оқушымен толтырылған, немесе одан да көп кезде екі топқа бөлінеді:

1) қазақ тілі мен әдебиеті – қазақ тілінде оқытатын сыныптарда;

3) шет тілі;

4) информатика.

✓ 2022-23 оқу жылынан бастап сыныпты екі топқа бөлу қалалық және ауылдық мектептерде сыныпта 24 және одан да көп білім алушы болған кезде жүзеге асырылады (бұрын ауылдық мектептерде бөлу сыныпта білім алушылар саны 20 адам болған кезде жүзеге асырылған).

✓ «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына сәйкес шағын жинақты мектептерде жекелеген пәндер бойынша бөлу біріктірілген немесе дербес сыныптарда білім алушылардың әртүрлі жастағы оқуын ескере отырып, 16 және одан да көп білім алушы болған жағдайда жүзеге асырылады.

✓ 2022-23 оқу жылынан бастап сыныпты екі топқа бөлу қалалық және ауылдық мектептерде сыныпта 24 және одан да көп білім алушы болған кезде жүзеге асырылады (бұрын ауылдық мектептерде бөлу сыныпта білім алушылар саны 20 адам болған кезде жүзеге асырылған).

✓ «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына

сәйкес шағын жинақты мектептерде жекелеген пәндер бойынша бөлу біріктірілген немесе дербес сыныптарда білім алушылардың әртүрлі жастағы оқуын ескере отырып, 16 және одан да көп білім алушы болған жағдайда жүзеге асырылады.

2-11 (12) сыныптарда **сабақтың ұзақтығы** – 45 минут. Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап Санитариялық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізіледі.

ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ 76 бұйрығымен бекітілген Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жалпы білім беру ұйымдарының барлық түрінде білім алушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы кемінде 5 минут, үлкен үзіліс (2-ші немесе 3-ші сабақтан кейін) 30 минутты құрайды. Бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтан кейін әрқайсысы 15 минуттан екі үзіліс жасауға жол беріледі. Үзілістерді таза ауаны барынша көп пайдаланып, қозғалыс ойындарымен өткізеді. Ауысымдар арасында ылғалды жинау және желдету үшін ұзақтығы кемінде 40 минут үзіліс көзделеді. Мектеп алды сыныптардағы сабақтардың барынша рұқсат етілген саны – ұзақтығы 25-30 минуттан төрт сабақтан аспайды. Сабақтар арасындағы үзілістер кемінде 10 минут болуы тиіс. 1-сыныпта оқушылар демалып, келесі сабаққа дайындалуы үшін мазмұнды демалыс пен физикалық минуттар үшін үзілістерді ұзарту ұсынылады.

***Адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастырудың бір жолы – кітап оқу.*** 2022-2023 оқу жылында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және оны қолдау, кітап мәртебесін («Кітап оқу – сән») арттыру мақсатында білім алушылар арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы жалғасады. Жобаның негізгі бағыттары өзара қарым-қатынас пен әлеуметтік әріптестік арқылы білім алушылардың оқу құзыреттілігін, оқу мәдениеті мен оқу белсенділігін арттыруды, оқу сауаттылығы бойынша халықаралық зерттеулерге қатысуын жалғастыруды, оқырмандар қауымдастығын қалыптастыруды, іс-шараларға атааналарды қатыстыруды көздейді. Мектеп сайтында үздік балалар әдебиеті мен мектеп әдебиетіне арналған түрлі сервистер, балалар мен жасөспірімдердің кітап оқу үрдісін кеңейту бойынша ресурстар (интернет-викториналар, сервистік ұсынымдар, кітапханалар туралы ақпарат және т.б.) ұсынылуы тиіс. Әрбір мектепте және отбасында 20 минуттық кітап оқу ұйымдастырылады. Мектеп холдарында үлкен үзілістерде кітап оқуды ұйымдастыру үшін «Буккроссинг» бұрыштарын құру ұсынылады. Кітаптарды электронды форматта, соның ішінде мобильді құрылғылардың көмегімен оқу мүмкіндіктерін кеңейтетін, балаларға әдебиетті таңдауда дұрыс бағдар алуына көмектесетін, кітап оқуға құмар балалар санын арттыратын жаңа электронды ресурстарды пайдалануға болады.

5-9 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттер» курсын оқуға бөлінеді. «Жаһандық құзыреттер» курсының үлгілік оқу бағдарламасының оқу жүктемесінің көлемі мыналарды құрайды:

- 5-8 – сыныптарда - 0,5 сағат (екі аптада бір рет), оқу жылында 18 сағат
- 9 – сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағат
- 10-11 сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағат.
- 0, 5 сағат жүктемесі бар курс екі аптада 1 рет өткізіледі. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Жаһандық құзыреттер» курсы Курстың мақсаты: Жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті

тұлғаны қалыптастыру. 5-8 сыныптарда курс бес бірлікті қамтиды: «Парасаттылық және этика», «Азаматтық және патриотизм», «Тіршілік қауіпсіздігі», «Экологиялық мәдениет», 9-сыныпта «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық» енгізілді. 11-сыныпқа арналған «Жаһандық құзыреттер» курсы «Бизнес және кәсіпкерлік негіздері» және «Қаржылық сауаттылық» екі юнитінен тұрады.

11-сыныпта «Физика әлемі» элективті курстары енгізілді.

Орта білім беру ұйымдарында 2022 - 2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникулы кезеңдерінің мерзімдері:

1) 2022 - 2023 оқу жылының басталуы - 2022 жылғы 1 қыркүйек;
2) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 (12)- сыныптарда – 36 оқу аптасы;
3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:
1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан – 6 қараша аралығында), қысқы каникул – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында);
1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).

**Жараспай ЖББМ педагогикалық кеңесінің**
**ХАТТАМАСЫ**

Қатысқан: 6 адам (мектеп директорының м.а. Г.С.Идирисов, Кәсіподақ ұйымының төрайымы Г.Р.Балкенова, «Жас ұлан» ұйымының төрағасы Ж.Ө.Тоқабеков, оқу ісінің меңгерушісі, тәрбие ісінің меңгерушісі, ата-аналар комитетінің төрайымы Ж.Қ.Мухамеджанова)

Күн тәртібінде:

1. Оқу жоспарындағы вариативтік компоненттің бөлінуі.

Күн тәртібіндегі сұрақ бойынша мектеп директорының уақытша м.а.: Г.С.Идирисов сөз алды:

-Мектеп оқушыларының вариативтік компоненті оқушылардың қызығушылығына, таңдауларына сай бөлінуі тиіс.

Оқу ісінің меңгерушісі:

Биылғы оқу жылының ерекшеліктерінің бірі –

- ✓ Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 36 оқу аптасын құрайды.
- ✓ «Өзін-өзі тану» пәні үлгілік оқу жоспарының инварианттты компонентінен шығарылды.
- ✓ «Көркем еңбек» пәні 1 сыныпта екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»
- ✓ 5-11-сыныптар аралығында «Жаһандық құзыреттер» таңдау курсын оқытуды жалғастыру

Ең басты міндеттерміздің бірі – оқушының білім алуы мен дамып өсуіне қолайлы және қауіпсіз жағдай жасау.

2022-2023 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5-11 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттер» курсы енгізілді.

Аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 18 сағат.

5 – сыныпта «Парасаттылық және әдеп»

6 – сыныпта «Азаматтық патриотизм»

7 – сыныпта «Тіршілік қауіпсіздігі»

8 – сыныпта «Медиасауаттылық және қаржылай сауаттылық»

9 – сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері» аптасына 1 сағат жүргізіледі.

10-11 – сыныптарда «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері».

Сонымен қатар ата-аналардың келісімен, оқушылардың таңдауы бойынша 10-сыныпта «Мәдениет және өркениет» факультатив сабағы аптасына 1 рет, 11-сыныпта «Физика әлемі» факультатив сабағы аптасына 1 рет өткізіледі. Оқушылардың логикалық ойларын одан әрі дамыту мақсатында 1-4 сыныптарда «Қызықты математика» факультативтік сабағы оқытылады.

**Шешімі:**

Жоғарыда аталған факультатив жұмыстары оқу жоспарына енгізіліп, бекітілсін.

**Келісілді**
Білім беру бөлімінің басшысы
____________С.А. Муканова
«___»______________ 2022ж

**Бекітемін**
«Жараспай ЖББМ» КММ
Мектеп директорының м.а.
...............Г.С.Идирисов

**Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

| Рет № | Ұйымдастырылған іс-әрекет* | Жас топтары кіші топ (2 жастағы балалар) |
|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | аптасына үш рет |
| | Дене шынықтыру** | күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын |
| 3 | Сенсорика | күн сайын |
| 4 | Қоршаған ортамен таныстыру | күн сайын |
| 5 | Сурет салу | күн сайын |
| | Мүсіндеу | күн сайын |
| | Жапсыру | күн сайын |
| | Құрастыру | күн сайын |
| 6 | Музыка | аптасына бір рет |
| | Музыка*** | күн сайын |
| 7 | Арнайы түзетуші іс-әрекет | |

Ескерту:

*Ұйымдастырылған іс-әрекет -Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

*** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді.

**** Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

**Келісілді**
Білім беру бөлімінің басшысы
_____________ С. А. Муканова
«___»_______________ 2022ж

**Бекітемін**
«Жараспай ЖББМ» КММ
Мектеп директорының м.а.
__________Г.С.Идирисов

**Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

| Рет № | Ұйымдастырылған іс-әрекет* | Жас топтары | |
|---|---|---|---|
| | | ортаңғы топ (3 жастағы балалар) | ересек топ (4 жастағы балалар) |
| 1 | Дене шынықтыру | аптасына үш рет | аптасына үш рет |
| | Дене шынықтыру** | күн сайын | күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын | күн сайын |
| | Қазақ тілі | аптасына бір рет | аптасына бір рет |
| | Қазақ тілі *** | күн сайын | күн сайын |
| 3 | Сауат ашу негіздері | - | - |
| 4 | Математика негіздері | күн сайын | күн сайын |
| 5 | Қоршаған ортамен таныстыру | күн сайын | күн сайын |
| 6 | Сурет салу | күн сайын | күн сайын |
| | Мүсіндеу | | |
| | Жапсыру | | |
| | Құрастыру | | |
| 7 | Музыка | аптасына бір рет | аптасына екі рет |
| | Музыка**** | күн сайын | күн сайын |

**Ескерту:**

* Ұйымдастырылған іс-әрекет- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

***** Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

**Келісілді**
Білім беру бөлімінің басшысы
_________ С. А. Муканова
«____»__________ 2022ж

**Бекітемін**
«Жараспай ЖББМ» КММ
Мектеп директорының м.а.
.......... Г.С.Идирисов

**Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа/ мектептегі(лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары(5 жастағы балалар)**

| Рет № | Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті | Аптадағы өткізу жиілігі | Аптадағы нормативтік жүктеме |
|---|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | | 3 сағат |
| | Дене шынықтыру** | күн сайын | |
| 2 | Сөйлеуді дамыту | | 2 сағат |
| | Көркем әдебиет | | 2 сағат |
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті | күн сайын | |
| | Қазақ тілі | | 2 сағат |
| | Қазақ тілі*** | күн сайын | |
| 3 | Сауат ашу негіздері | | сағат |
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет | күн сайын | |
| 4 | Математика негіздері | | 3 сағат |
| | Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті | күн сайын | |
| 5 | Қоршаған ортамен таныстыру | | 2 сағат |
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті | күн сайын | |
| 6 | Сурет салу | | 1 сағат |
| | Мүсіндеу | | |
| | Жапсыру | | |
| | Құрастыру | | |
| 7 | Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | күн сайын | |
| | Музыка | | 2 сағат |
| | Музыка**** | күн сайын | |
| 8 | Барлығы | - | 20сағат |

**Ескерту:**

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

**Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа музыкалық іс-әрекетке уақыт бөлінеді.

«КЕЛІСЕМІН»
«Нұра ауданының
Білім бөлімі» ММ басшысы
_______________С.А.Муканова

«БЕКІТЕМІН»
Жараспай ЖББМ директорының
уақытша м.а.:
_______________Г.С.Идирисов

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары**

| № | Білім салалары және оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағат саны | | | | Жалпы жүктеме, сағат | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | апталы қ | жылдық |
| **Инварианттық компонент** | | | | | | | |
| | **Тіл және әдебиет** | **6** | **11** | **11** | **11** | **39** | **1398** |
| 1 | Әліппе, Ана тілі | 6 | - | - | - | 6 | **210** |
| 2 | Қазақ тілі | - | 4 | 4 | 4 | 12 | **432** |
| 3 | Әдебиеттік оқу | - | 3 | 3 | 3 | 9 | **324** |
| **4** | Орыс тілі | | 2 | 2 | 2 | **6** | **216** |
| **5** | Шетел тілі | | 2 | 2 | 2 | **6** | **216** |
| | **Математика және информатика** | **4,5** | **5** | **6** | **6** | **21,5** | **769,5** |
| 6 | Математика | 4 | 4 | 5 | 5 | 18 | **644** |
| 7 | Цифрлық сауаттылық | 0,5 | 1 | 1 | 1 | 3,5 | **125,5** |
| | Жаратылыстану | 1 | 1 | 2 | 2 | 6 | **215** |
| 8 | Жаратылыстану | 1 | 1 | 2 | 2 | 6 | **215** |
| | Адам және қоғам | **1** | **1** | **1** | **1** | **4** | **143** |
| 9 | Дүниетану | 1 | 1 | 1 | 1 | 4 | **143** |
| | **Технология және өнер** | **3** | **2** | **2** | **2** | **9** | **321** |
| **10** | Музыка | 1 | 1 | 1 | 1 | 4 | **143** |
| **11** | Көркем еңбек | | 1 | 1 | 1 | **3** | **108** |
| **12** | **Еңбекке баулу** | **1** | | | | **1** | **35** |
| **13** | **Бейнелеу өнері** | **1** | | | | **1** | **35** |
| | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 3 | 3 | 12 | **429** |
| **14** | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 3 | 3 | 12 | **429** |
| **Инварианттық оқу жүктемесі** | | **18,5** | **23** | **25** | **25** | **91,5** | **3275,5** |
| **Вариативтік компонент** | | | | | | | |
| **Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар** | | **1** | **1** | **1** | **1** | **4** | **143** |
| **Қызықты математика** | | **1** | 1 | 1 | 1 | **4** | **143** |
| **Ең жоғарғы оқу жүктемесі** | | **19,5** | **24** | **26** | **26** | **95,5** | **3418,5** |

«КЕЛІСЕМІН»
«Нұра ауданының
Білім бөлімі» ММ басшысы
_______________ С.А.Муканова

«БЕКІТЕМІН»
Жараспай ЖББМ директорының
уақытша м.а.:
_______________ Г.С.Идирисов

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары**

| № | Білім салалары және оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағат саны | | | | | Жалпы жүктеме, сағат | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | апталық | жылдық |
| **Инварианттық компонент** | | | | | | | | |
| | **Тіл және әдебиет** | **11** | **11** | **11** | **11** | **11** | **55** | **1980** |
| 1 | Қазақ тілі | 3 | 3 | 3 | 2 | 2 | 13 | **468** |
| 2 | Қазақ әдебиеті | 2 | 2 | 2 | 3 | 3 | 12 | **432** |
| 3 | Орыс тілі мен әдебиеті | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 15 | **540** |
| 4 | Шетел тілі | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 15 | **540** |
| | **Математика және информатика** | **6** | **6** | **6** | **6** | **6** | **30** | **1080** |
| 5 | Математика | 5 | 5 | - | - | - | 10 | **360** |
| 6 | Алгебра | - | - | 3 | 3 | 3 | 9 | **324** |
| 7 | Геометрия | - | - | 2 | 2 | 2 | 6 | **216** |
| 8 | Информатика | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 5 | **180** |
| | **Жаратылыстану** | **2** | **2** | **7** | **8** | **8** | **27** | **972** |
| 9 | Жаратылыстану | 2 | 2 | - | - | - | 4 | **144** |
| 10 | Физика | - | - | 2 | 2 | 2 | 6 | **216** |
| 11 | Химия | - | - | 1 | 2 | 2 | 5 | **180** |
| 12 | Биология | - | - | 2 | 2 | 2 | 6 | **216** |
| 13 | География | - | - | 2 | 2 | 2 | 6 | **216** |
| | **Адам және қоғам** | **3** | **3** | **3** | **3** | **4** | **16** | **576** |
| 14 | Қазақстан тарихы | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 10 | **360** |
| 15 | Дүниежүзі тарихы | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 5 | **180** |
| 16 | Құқық негіздері | - | - | - | - | 1 | 1 | **36** |
| | Технология және өнер | 3 | 3 | 1 | 1 | 1 | 9 | **324** |
| 17 | Музыка | 1 | 1 | - | - | - | 2 | **72** |
| 18 | Көркем еңбек | 2 | 2 | 1 | 1 | 1 | 7 | **252** |
| | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 15 | **540** |
| 19 | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 15 | **540** |
| | **Инварианттық оқу жүктемесі** | 28 | 28 | 31 | 32 | 33 | 152 | **5472** |
| **Вариативтік компонент** | | | | | | | | |
| | **Жаһандық құзыреттілік** | 0,5 | 0,5 | 0,5 | 0,5 | 1 | 3 | **108** |
| | **Дінтану және зайырлылық негіздері** | | | | | 1 | 1 | **36** |
| | **Элективті курстар** | - | - | - | - | - | - | |
| | **Ең жоғарғы оқу жүктемесі** | **28,5** | **28,5** | **31,5** | **32,5** | **34** | **155** | **5580** |

**«КЕЛІСЕМІН»**
«Нұра ауданының
Білім бөлімі» ММ басшысы
_____________ С.А.Муканова

**«БЕКІТЕМІН»**
Жарасқай ЖББМ директорының
уақытша м.а. _________ Г.С.Идирисов

## Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары

| № | Оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағат саны | | Жалпы жүктеме, сағат | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 10 | 11 | апталық | жылдық |
| **Инвариантный компонент** | | | | | |
| 1 | Қазақ тілі | 1 | 1 | 2 | **72** |
| 2 | Қазақ әдебиеті | 2 | 2 | 4 | **144** |
| 3 | Орыс тілі мен әдебиеті | 2 | 2 | 4 | **144** |
| 4 | Шетел тілі | 3 | 3 | 6 | **216** |
| 5 | Алгебра және анализ бастамалары | 4 | 4 | 8 | **288** |
| 6 | Геометрия | 2 | 2 | 4 | **144** |
| 7 | Информатика | 2 | 2 | 4 | **144** |
| 8 | Физика | 2 | 2 | 4 | **144** |
| 9 | Химия | 2 | 2 | 4 | **144** |
| 10 | Биология | 2 | 2 | 4 | **144** |
| 11 | География | 2 | 2 | 4 | **144** |
| 12 | Қазақстан тарихы | 2 | 2 | 4 | **144** |
| 13 | Дүниежүзі тарихы | 1 | 1 | 2 | **72** |
| 14 | Құқық негіздері | 1 | 1 | 2 | **72** |
| 15 | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 6 | **216** |
| 16 | Алғашқы әскери және технологиялық дайындық | 1 | 1 | 2 | **72** |
| **Инварианттық оқу жүктемесі** | | **32** | **32** | **64** | **2304** |
| **Вариативтік компонент** | | | | | |
| **Жаһандық құзыреттілік** | | 1 | 1 | 2 | 72 |
| **Элективті курстар** | | 2 | 2 | 4 | 144 |
| Мәдениет және өркениет | | 1 | | 1 | 36 |
| Физика әлемі | | | 1 | 1 | 36 |
| Қолданбалы география | | | 1 | 1 | 36 |
| Өлкетану | | 1 | | 1 | 36 |
| **Вариативтік оқу жүктемесі** | | 3 | 3 | 6 | 216 |
| **Ең жоғарғы оқу жүктемесі** | | **35** | **35** | **70** | **2520** |

Нөмірленген ________________16__ бет

Тігілген ______________________16_ бет

Мектеп директорынын м.а Г.С.Идирисов